

№6- тәжірибелік сабақ: Сыртқы саясатта шешім қабылдау моделдері

Жұмыстың мақсаты мен міндеті: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін сыртқы саясат ұғымының танымын жасай алады. Мемлекеттің сыртқы саясат стратегияларын анықтай алады. Мемлекеттің сыртқы саясат құралдарын сыныптандыра алады. Сыртқы саясатқа ықпал етуші факторларды түсінеді. Сыртқы саясатта шешім қабылдаушы моделдердің атын атап, түсін түстей алатын мағлұмат пен қабілетке ие болады.

Техникалық және инструментальдық құралдары: интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер.

Тәжірибелік сабақ оқыту нәтижелері: Сыртқы саясат үдерісі, изоляционизм, тарапсыздық/қосылмаушылар, одақтар, отократия, меркантилизм, дипломатия, рационализм, құрылымдаушы модель, бюратиялық модел секілді ұғымдардың мән мағынасын түсінеді.

Оқытудың әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ–жауап, түсіндіру, кіріспе дәріс, пікір-талас.

Сыртқы саяси талдауларда мемлекеттердің сыртқы саяси мақсаттар, осы мақсаттарға жету үшін ұстанатын стратегиялар, қолданатын құралдар және мемлекеттердің сыртқы саясатына әсер ететін факторлар қалайша маңызды болса, дәл сол секілді сыртқы саяси шешімдерді алу процесі де маңызды тақырып болып табылады. Сыртқы саясат процесі іс жүзінде шешім қабылдау процесі болып табылады. Шешім қабылдаушылар сыртқы саясатта шешім қабылдау кезінде белгілі бір процестерден өтеді. Сыртқы саяси шешімдер қалай қабылданады? Бұл шешімдерге әсер ететін факторлар немесе акторлер кімдер? Осы тектес сұрақтарға әртүрлі теориялық көзқарастардың берген жауаптары да бір-бірінен ерекше. Сыртқы саясатты талдауда шешім қабылдау моделдері деп аталатын бұл тәсілдерді зерттеу тақырыпты жақсырақ түсіну үшін маңызды.

Рационалды шешім қабылдау моделі

Рационалды шешім қабылдау моделінің негізі реализмнің моно акторлық болжамы болып табылады. Рационалды модельде мемлекеттерді белгілі бір мақсаттар мен таңдауларға ие моно бірлік ретінде өз мақсаттарына жетуде ең жақсы таңдауды анықтау мүмкіндігі бар деп есептейді. Рационалды модельге сәйкес, шешім қабылдаушылар шешім қабылдау процесінде пайда-шығын талдауы арқылы тиімділігі ең жоғары, шығыны ең аз саясатты ұстанады. Бұл модельде шешім қабылдаушылар белгілі бір кезеңдерден өтіп, ұтымды шешім қабылдайды деп болжайды. Бұл кезеңдер мыналар:

- Мәселені тану және сипаттау,
- Мақсаттарды анықтау,
- Осы мақсаттарды маңыздылығына қарай кезекке қою,
- Мақсатқа жету үшін балама стратегияларды анықтау,
- Әрбір баламаның ықтимал салдарын зерттеу,
- Ең аз шығынмен ең жақсы нәтиже беретін саясатты таңдау.

Шынайы өмірде біз көптеген шешім қабылдаушылардың қисынсыз шешімдер қабылдайтынына немесе жақсы ойластырылған жоспарлардың жиі сәтсіздікке ұшырайтынына куә болудамыз. Осы мысалдарға сүйене отырып, кейбір зерттеушілер рационалды модельді шынайы өмірде жүзеге асыру өте қиын екенін және көптеген факторлардың көшбасшыларға ұтымды(рационалды) шешім қабылдауға кедергі келтіретінін алға тартты. Бұл факторларды келесідей тізбектеуге болады:

- *Баламалы сыртқы саясат әрекеттерінің пайдасы мен шығындарындағы белгісіздік:* Рационал модель, шешім қабылдаушылардың қандай да бір жағдай туралы толық ақпаратқа ие екенін айтуда. Алайда, күнделікті өмірде шешім қабылдаушылардың белгілі бір жағдайда жүзеге асырылатын балама саясаттардың пайдасы мен шығындарын нақты білуі мүмкін емес. Бұндай жағдайда шешім қабылдаушылар әрбір іс-әрекеттің ықтимал нәтижесін назарға ала отырып шешім қабылдауы керек. Бірақ, бұрынырақта айтылғандай, шешім қабылдаушылардың қандай бір жағдайға байланысты алған шешімдері олардың тұлғалық және психологиялық ерекшеліктері ықпалында қалады. Демек, әрбір шешім қабылдаушының қандай бір әрекетке жатқызатын ықтималдығы осы факторлардың әсерінен бір-бірінен өзгеше болады.

- *Шешім қабылдаушылардың бір мезгілде қарама-қайшы мүдделерге ие болуы:* Шешім қабылдаушылар қандай бір жағдайға байланысты бірнеше әрі қарама-қайшы мақсаттарға ие болуы мүмкін. Бұндай жағдайда қай мақсаттың, әрі осы мақсатқа сәйкес саясаттың басымдыққа ие болатыны туралы белгісіздік қисынсыз шешім қабылдауға әкелуі мүмкін.

- *Шешім қабылдау процесінде тиімді болған басқа адамдар мен мемлекеттік институттардың*

әртүрлі мақсаттары бар: Шешім қабылдау процесі әсіресе демократиялық режимдерде көптеген тұлғалардың немесе институттардың бірлескен әрекеттерімен қалыптасады. Бұл институттар мен тұлғалардың ортақ жағдайға байланысты мақсаттары мен мүдделерінің әртүрлі болуы да ұтымды шешім қабылдауға кедергі келтіруі мүмкін.

• *Топтық ойлау:* Сыртқы саяси шешімдерді әдетте биліктегі шағын топ қабылдайды. Мұндай шағын топтардың ең көп ұшырасатын мәселесі Топтық ойлау ретінде сипатталған жағдай болып табылады. Топтық ойлау проблемаларды немесе мәселелерді жеке тұлғалардың дербес әрекет етуімен емес, топтың консенсусымен шешу керек сияқты қарастырылғанда пайда болады. Шағын топтардың шешім қабылдау процесінде топ мүшелерінің жеке ойларын айтудан немесе жауапкершілікті өз мойнына алудан тартынуы, топ ішінде бірізділікті, ынтымақ пен консенсусты қамтамасыз етуге көбірек күш-жігер жұмсауы шындықтың назардан тыс қалуына және әртүрлі сын-пікірді, балама іс- әрекеттерді шынайы түрде сараптай алмауға себеп болуы мүмкін. Топтық ойлау деп аталатын бұл жағдай шешім қабылдаушылардың көбіне тиімсіз (иррационалды) шешім қабылдауға негіз болатын ең үлкен фактор.

Институционалды/бюрократиялық модел

Рационалды модельдің кемшіліктері альтернативті шешім қабылдау модельдерін жетілдіруге себеп болды. Осы альтернативті модельдердің біріншісі – институционалдық шешім қабылдау моделі. Бұл модельде шешім қабылдаушылар мақсаттар мен балама іс- шараларды анықтау кезеңдерін шешім қабылдау процесіне қатысатын институттарға қалдырады. Сыртқы істер министрлігі сияқты мекемелер өздерінің стандартты жұмыс процедураларына сәйкес көптеген сыртқы саяси шешімдерді қабылдайды. Стандартты операциялық процедуралар институттардың белгілі бір сыртқы саяси жағдайларда ұстанған стандарт ұстанымын анықтау үшін қолданылатын термин болып табылады. Бұл модельге сәйкес, шешім қабылдау процесінде ықпалды болған акторлар белгілі бір мәселелер бойынша стандартты ұстаным үлгісін жетілдірген. Әрбір жағдай үшін шешім қабылдау процесінің кезеңдерін ұстанудың орнына, автоматты түрде алдын ала белгіленген осы ұстанымдарды көрсетеді. Институционалдық модельге сәйкес, мемлекет көптеген сыртқы саяси проблемалармен күнделікті ұшырасып отырады және шешім қабылдаушылардың осы жағдайлардың әрқайсысын таразылауға, бағалауға мүмкіндігі жоқ. Сондықтан бұл шешімдердің көпшілігін белгілі бір мекемелер стандартты операциялық процедураларға сәйкес қабылдайды (Goldstein, 1999: 151).

Екінші альтернативті модель – *бюрократиялық модель*. Бюрократиялық модель сыртқы саяси шешімдердің көпшілігі әртүрлі мүдделерге ие бюрократтардың өз ішіндегі күресінің нәтижесінде қабылданады деуде. Бұл модельге сәйкес әртүрлі мемлекеттік институттардың өкілдері болып табылатын бюрократтар сыртқы саяси шешімдерді өздерінің жеке мүдделеріне немесе өздері өкілдік ететін мекеменің мүдделеріне сәйкес қабылдау үшін күреседі. Нәтижесінде қабылданған шешім, шешім қабылдау процесінде белсенді болған институттар мен бюрократтардың мүдделерін көрсетеді.

Қысқаша түйіні

Сыртқы саясат ұғымының танымын жасау

Сыртқы саясат әртүрлі жолмен айқындалады. Біріншісі, сыртқы саясатты мемлекеттің өз шекарасынан тыс қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі және осы өзара әрекеттесуді жүзеге асыру үшін таңдаған саясаттарының жиынтығы ретінде сипаттайды. Басқа бір сипаттамада сыртқы саясатты мемлекеттер халықаралық жүйедегі өз қызметін басқару үшін пайдаланатын стратегиялар ретінде көрсетеді. Жалпы алғанда, сыртқы саясат түсінігі мемлекет қайраткерлерінің сыртқы саясатқа қойған мақсаттарын және осы мақсаттарға жету үшін қолданатын стратегияларын көрсету үшін қолданылады деп айтуға болады. Мемлекеттердің сыртқы саяси стратегиялары мен құралдары олардың өмірлік, орта мерзімді және ұзақ мерзімді мүдделерін қорғау мақсатында айқындалады.

Мемлекеттердің сыртқы саяси стратегияларын анықтай білу.

Мемлекеттердің сыртқы саяси стратегияларын жалпы екі тақырып бойынша қарастыруға болады. Бұл стратегиялардың біріншісі – қауіпсіздік стратегиялары. Оқшаулану, өзін-өзі қамтамасыз ету, бейтараптық/байланыссыздық, одақтар – мемлекеттер өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұстанатын стратегиялар. Стратегиялардың екінші тобына экономикалық стратегиялар жатады. Отархия, протекционизм, еркін сауда, экономикалық коалициялар, картельдер құру және еркін сауда аймақтарын құру мемлекеттер жиі қолданатын экономикалық стратегиялар болып табылады.

Мемлекеттердің сыртқы саяси құралдарын жіктеу.

Мемлекеттер өздерінің сыртқы саяси стратегияларын жүзеге асыру және мақсаттарына жету үшін кейбір құралдарды пайдаланады. Осы мақсатта мемлекеттер қолданатын құралдар дипломатия сияқты зорлық-зомбылықсыз болуы мүмкін немесе қарулы шабуыл сияқты зорлық-зомбылық құралдарын қамтуы мүмкін. Нысанадағы елдерде қоғамдық пікірді жұмылдыру үшін қолданатын үгіт-насихат жұмыстары, экономикалық марапаттар мен жазалар, нысанадағы елдегі лаңкестік ұйымдарға қолдау көрсету және әскери төңкеріс ұйымдастыру сияқты астыртын әрекеттерді де мемлекеттердің сыртқы саяси құралдарының қатарына жатқызуға болады.

Сыртқы саясатқа әсер ететін факторларды қорытындылау

әсер етеді. Бұл факторлардың басында жеке деңгейдегі факторлар тұрады. Шешім қабылдаушылардың психологиясы, құндылықтары, сенімдері мен идеологиялары шешім қабылдау процесіне де, сыртқы саясатты жүзеге асыруға да әсер етеді. Екіншіден, мемлекеттердің географиялық және топографиялық ерекшеліктері, иелік ететін табиғи ресурстары, мемлекеттің көлемі, экономикалық көрсеткіштері, режим түрі мен елде тиімді әрекет ететін бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық пікір мен қысым топтары сыртқы саясат процесіне мемлекет/қоғам деңгейінде ықпал ететін негізгі факторлар болып табылады. Ақырында, жүйедегі күш бөлінуі, поляризация дәрежесі және халықаралық ұйымдардың ықпалы мемлекеттердің сыртқы саясатына әсер ететін жүйелік факторлар болып табылады.

Сыртқы саяси шешімдерді қабылдау модельдерін атау.

Сыртқы саясаттағы шешім қабылдау моделдерінің біріншісі – рационал шешім қабылдау моделі. Бұл модель мемлекеттердің біртұтас актор, ал шешім қабылдаушылардың рационал тұлғалар екендігін айтуда. Рационалды модельге сәйкес шешім қабылдаушылар сыртқы саяси шешімді қабылдас бұрын сол жағдайға қатысты өз мақсаттарын және әр мақсатқа балама стратегияларды анықтау арқылы пайдасы ең жоғары, шығыны ең аз болған стратегияны тандайды деп болжайды. Дегенмен, мұндай ұтымды шешім қабылдауға ең үлкен кедергі – бұрынырақ айтылғандай көшбасшылардың тұлғалық ерекшеліктері мен психологиялық күйлері. Бұл модельді сынаған кейбір зерттеушілер институционалдык/бюрократиялық модельді жетілдірді.

Институционалдык модель бойынша шешім қабылдаушылар әрбір сыртқы саяси жағдайды егжей-тегжейлі зерттеп, шешім қабылдауға қауқарсыз және бұл шешімдерді көбінесе тиісті мекемелерге қалдырады. Сондай-ақ мекемелер де белгілі бір жағдайлар үшін стандартты ұстаным жетілдірген және мұндай шешімдердің көпшілігін стандартты іс-қимыл процедураларға сәйкес қабылдайды. Бюрократиялық модель болса, керісінше, сыртқы саяси шешімдерде, процесте ықпалды бюрократтардың және олар өкілдік ететін институттардың мүдделерін көрсететінін жақтаған модель.

Өзімізді сынайық

1. Төмендегілердің қайсысы, сыртқы саясат пен дипломатия арасындағы байланысты ең жақсы түрде сипаттауда?
 - a. Дипломатия сыртқы саясатты бағыттаған іс-әрекет саласы
 - b. Сыртқы саясат дипломатияның құралы
 - c. Дипломатия сыртқы саясаттың бір құралы
 - d. Сыртқы саясат тек дипломаттар арқылы жүргізіледі
 - e. Сыртқы саясат пен дипломатия бір бірінен тәуелсіз
2. Бірдей қоғам не болмаса саяси режимге ие мемлекеттердің сыртқы саяси әрекеттерінің де бірдей болып болмағанын зерттейтін қандай сала?
 - a. Салыстырмалы сыртқы саясат анализі
 - b. Сыртқы саясат анализі
 - c. Саясат білімі
 - d. Шешім қабылдау моделдері

e. Мәдени зерттеу жұмыстары

3. Төмендегілердің қайсысы мемлекеттердің сыртқы саясатының өмірлік маңызы бар мақсат қатарына кіреді?

- a. Жүйеде статусқа ие болу
- b. Абыройын арттыру
- c. Өз мәдени құндылықтарын жаю
- d. Өзінің идеологиясын жаю
- e. Экономикалық мүдделерін қорғау

4. Төмендегілердің қайсысы мемлекеттердің статус пен абыройдың қайнар көзі болып есептелмейді?

- a. әскери күш
- b. халық саны
- c. ғылыми даму
- d. технологиялық даму
- e. экономикалық даму

5. Оқшаулану стратегиясының ең маңызды мақсаты не?

- a. мемлекеттің басқа мемлекеттерге тәуелдігін азайту
- b. экономикалық тұрғыда өзін өзі қамтамасыз ету
- c. әскери тұрғыда өзін жеткілікті көру
- d. потенциалды дұшпандардың назар аударуынан қашу
- e. өзге мемлекеттерге қысым көрсету

6. Ұдайы(әрдайым) бейтарап мемлекет пен бейтарап мемлекет арасындағы ең маңызды айырмашылығы не?

- a. әрдайым бейтарап саяси, бейтарап құқықи жағдайды білдіреді.
- b. әрдайым бейтарап құқықи, бейтарап саяси жағдайды білдіреді
- c. әрдайым бейтарап мемлекеттердің еркіне байланысты болса, бейтараптықта үлкен мемлекеттердің ықпалы бар
- d. бейтарап халықаралық құқықпен құрылатын болса, әрдайым бейтарап бір жақты түрде өз еркін білдіру арқылы құрылады
- e. әрдайым бейтарап құқықпен қорғауға алынбаса, бейтарап құқықпен қорғауға алынған

7. Төмендегілердің қайсысы Қосылмайтындар қозғалысына жетекшілік жасаған мемлекет?

- a. АҚШ
- b. Кеңестер Одағы
- c. Мысыр
- d. Түркия
- e. Швецария

8. Төмендегілердің қайсысы, одақтастықтың әрекеттеріне жатпайды?
- a. Ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету
 - b. Мүшелердің қорғаныс күшін арттыру
 - c. Потенциалды шабуылшылардың бетін қайтару(тежеу)
 - d. Күш тепе-теңдігін құру
 - e. Потенциалды дұшпандарды оқшаулау
9. Төмендегілердің қайсысы, мемлекеттердің экономикалық протекционизм стратегиясын ұстануға себеп емес?
- a. жергілікті өндірісшілердің талабы
 - b. ұлыстың қауіпсіздігі
 - c. жас индустрия тезисі
 - d. бір өнімде монополия қалыптастыру
 - e. шетелдік фирмалардың жалмауыздық әрекетінен қорғану
10. Төмендегілердің қайсысы мемлекеттердің сыртқы саясат құралдарына жатпайды?
- a. Дипломатия
 - b. Экономикалық жаза
 - c. Экономикалық марапат
 - d. Жасырын(күпия) әрекеттер
 - e. Халықаралық құқық

Өзімізді сынайықтың жауап кілттері

- 1. c Жауабыңыз жаңлыс болса, «Сыртқы саясат: сипаттамасы және мақсаттары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 2. a Жауабыңыз жаңлыс болса, «Сыртқы саясат: сипаттамасы және мақсаттары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 3. e Жауабыңыз жаңлыс болса, «Сыртқы саясат: сипаттамасы және мақсаттары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 4. b Жауабыңыз жаңлыс болса, «Сыртқы саясат: сипаттамасы және мақсаттары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 5. d Жауабыңыз жаңлыс болса, «Мемлекеттердің сыртқы саясат стратегиялары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 6. b Жауабыңыз жаңлыс болса, «Мемлекеттің Сыртқы саясат құралдары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 7. c Жауабыңыз жаңлыс болса, «Мемлекеттің Сыртқы саясат құралдары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 8. a Жауабыңыз жаңлыс болса, «Мемлекеттің Сыртқы саясат құралдары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 9. d Жауабыңыз жаңлыс болса, «Мемлекеттің Сыртқы саясат құралдары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
- 10. e Жауабыңыз жаңлыс болса, «Мемлекеттің Сыртқы саясат құралдары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.

Сіздің кезегіңіз жауап кілті

Кезек сізде 1

Бүгінгі таңда мемлекеттердің қауіпсіздігіне қатер төндіретін факторлардың көбеюіне орай осы жаңа қауіп-қатерлерге қарсы мемлекеттерді әртүрлі қауіпсіздік стратегияларын жетілдіруді мәжбүр етуде. Қауіпсіздіктің классикалық тұжырымдамасы ұлттық қауіпсіздікке, аумақтық тұтастыққа немесе саяси тәуелсіздікке қауіп төндіретін қатерлерге қарсы стратегияларды жетілдірді. Бұл стратегиялардың ішінде әскери күш бірінші орында тұр. Алайда бүгінгі күні мемлекеттердің кибершабуылдар, эпидемиялар және қоршаған ортаның ластануы сияқты қауіпсіздік қатерлерімен жалғыз өзі күресуі мүмкін емес. Осыған байланысты мемлекеттер өздерінің қауіпсіздік саясатын басқа мемлекеттермен ынтымақтастықты қамтитындай түрде өзгертуге мәжбүр болды.

Кезек сізде 2

Бүгінгі таңда халықаралық сауданың ұлғаюымен және әл-ауқатты мемлекет ұғымының алдыңғы қатарға шығуымен экономикалық қатынастардың маңыздылығы арта түсуде. Атап айтқанда, жаһандану, мемлекеттердің экономикалық және саяси жағынан бір-біріне тәуелді болуынан туындады, бұл өз кезегінде мемлекеттердің экономикалық оқшаулану саясатын жүргізуін қиындатты. Қазіргі замандағы индустриалды дамыған елдердің өзі индустрияландырудың негізі болып табылатын энергетикалық ресурстарға ие болмағандықтан басқа елдерге тәуелді. Бұл жағдай осы елдердің табиғи ресурстарға ие елдерге қатысты сыртқы саясаттарына әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар осы ресурстарға ие елдердің қауіпсіздік мәселесінде үлкен мемлекеттерге тәуелді болуына итермелеуде.

Кезек сізде 3

Әскери басқыншылық сирек қолданылса да, бүгінгі күні тиімді стратегия емес. Мұның себептерін былайша тізбектеуге болады: Біріншіден, жаппай қырып-жоятын қарудың кең етек жаюы мемлекеттердің қарулы басқыншылық жасаудың шығынын арттырды. Мемлекеттердің, көбінесе осы қаруды өндіруге және оларды қолдану нәтижесінде туындайтын шығындарды жабуға күші жетпейді.

Екіншіден, халықаралық жүйеде экономикалық қатынастардың маңыздылығының барған сайын артуы бай елдерге экономикалық құралдарды әлдеқайда аз шығынмен пайдалануға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, халықаралық ұйымдардың тиімділігінің артуы бұл ұйымдардың мемлекеттер арасындағы қақтығыстарда делдал рөлін алуға және бейбіт дипломатиялық құралдарды жиі қолдануға итермеледі.

Кезек сізде 4

Сыртқы саясатқа әсер ететін мемлекет/қоғам деңгейіндегі факторлар, мемлекеттердің сыртқы саясатындағы жүйелік факторлардың әсеріне оң немесе теріс бағытта ықпал етуі мүмкін. Географиялық жағдайы қолайсыз, табиғи ресурстары жоқ шағын мемлекеттер, бұндай жағдайда болмаған елдерге қарағанда халықаралық факторлардың ықпалында әлдеқайда көбірек қалуда. Сонымен қатар, ұлттық жағынан қолайсыз жағдайда тұрған елдер халықаралық ұйымдарға көбірек жүгінетіндіктен бұндай ұйымдардың таралуына және тиімділігін арттыруға көбірек ынталы болады деп айтуға болады. Авторитарлық мемлекеттерге қарағанда демократиялық мемлекеттер жүйелік қысымға әлдеқайда төзімді деуге болады. Өйткені халықаралық құқық пен ұйымдар демократиялық құндылықтарды қолдаған кезде, авторитарлық режимдердің бірте-бірте жүйеден шығауына, оқшаулануына себепші болады.

Кезек сізде 5

Көшбасшылардың психологиялық және тұлғалық ерекшеліктері сыртқы саясатта рационалды шешім қабылдауға кедергі келтіретін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Рухани денсаулығы, идеологиялар, сенімдер мен құндылық пайымдаулар көшбасшылардың рационалды(ұтымды) шешімдер қабылдауына кедергі келтіретін ең үлкен факторлар болып табылады. Сонымен қатар, шешім қабылдау процесінде ықпалы болған институттар мен бюрократтар да өз мүдделерін назарға ала отырып шешімдерге әсер етеді және нәтижеде өз мүдделеріне сай, бірақ рационалды(ұтымды) емес шешімдердің алынуына себеп болады.

ОБӨЖ тапсырмалары: Халықаралық саясатқа қатысты көзқарастар және мәселермен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін жіктеңіздер.

БӨЖ тапсырмалары: Рационалды шешім қабылдау моделі

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л. 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi. 5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan, 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және біргеі әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов 9.Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireççi M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая:мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
- 14.Ресейдің сыртқы саясаты (ХІ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басы), 2014, 15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağl
- 16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Arı, T. (2006). **Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika**, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, **Ankara Üniversitesi SBF Dergisi**, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). **Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar**, Ankara: Attila Kitabevi.
- 4.Griffiths, M. (2007). **International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction**, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). **Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması**, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). **Uluslararası ilişkiler Tarihi**, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınlar